

АНЫҚТАМА

**Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің С. Лапин атындағы
«261 орта мектебі» КММ 2025 жылдың қорытындысымен сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша**

«23» мамыр 2025 жыл

Қызылорда қаласы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 21 қарашада №14441 болып тіркелген), сондай-ақ мектеп директорының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2021 жылғы 30 қарашадағы №48-1 бұйрығының негізінде жүргізілді.

2025 жылына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар мен өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылды.

Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Қазақстан Республикасының Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 заңы және осы заң аясында шығарылған Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары мектеп қызметін реттейтін заңнаманың нормативтік құқықтық актілерді еркін түсіндіруге мүмкіндік жасайтын құқықтық олқылықтардың болуына талдау жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде тосқауылдар қоюға әсер ететін ережелердің болуы анықталмады.

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ, ОНЫҢ ІШІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ШАЛДЫҚҚАН ЛАУАЗЫМДАРДЫ АЙҚЫНДАУ

Мектептің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде жұмысқа қабылданған қызметкерлердің басшысымен үлестес болуы, (жақын туысқандардың, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың) бірлескен тікелей бағыныстылықтағы жұмысы (қызметі), сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулер мен лауазымды адамдар үшін қолданыстағы заңнамамен белгіленген тыйымдарды бұзу бойынша талдау жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Қазіргі таңда №261 орта мектебінде қызметкерлер саны – 257. Оның ішінде педагог қызметкерлер бойынша – 212, техникалық қызметкер – 45, ақысыз демалыста – 1, бала күтімінде байланысты демалыста – 20.

Педагог шебер – 1, педагог-зерттеуші – 51, педагог сарапшы – 65, педагог-модератор – 71, санатсыз – 24. Жоғары білімді – 208, арнаулы орта білімді – 4. Педагогика ғылымының магистрі – 15.

Білім беру ұйымының әкімшілігі мен ұжымы білім саласындағы ережелерді және нормативтік-құқықтық актілер талаптарын сақтайды. Оқу жоспары және оқу бағдарламалары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес жұмыс атқарып келеді. Мектеп басшысы сағат жүктемелерінің ұсақталмауын әрдайым қатаң қадағалауда ұстайды. Әр оқу жылының аяғында пед кадрлардың сағаттары әдістемелік бірлестік отырыстарында қарастырылып, бірлестік жетекшілерінің хаттамасы негізге алынып, педагог қызметкерлерінің сағаты бөлінеді.

2024 жылы ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығын басшылыққа ала отырып мектебімізге маман қабылданбады. Техникалық қызметкерлер бойынша 8 жұмысшы қалалық жұмыспен қамту орталығына тіркеліп enbek.kz сайты бойынша қабылданған. Қызметкерлерді заңсыз жұмысқа қабылдау, жұмыстан шығару, қызметте төмендетудің басқа фактілері жоқ.

Мемлекеттік сатып алу кезінде лауазымды адамдардың үлестес болу фактілері анықталмады. Мемлекеттік сатып алудың барлық рәсімдері «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңына сәйкес электрондық портал арқылы жүргізіледі.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V заңының 51- бабы бойынша мектеп директоры және мектеп әкімшілігі, қызметкерлер тарапынан мүдделер қақтығысы орын алмаған.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ

«Меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі, білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау, балаларды бастауыш білім беру ұйымдары арасында ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау, негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығын негізге ала отырып (2020 жылғы 7 тамыздағы №332 өзгерістерімен және толықтыруларымен) 2025 жылдың 1 қаңтарынан EGOV электронды порталы арқылы түскен электронды өтініштер саны 94.

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы

27 мамырдағы №223 бұйрығына сәйкес қағаз түрінде 34 оқушының ата-анасынан өтініш қабылданып, білім алуда.

«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына және ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығының 69-тармағына сәйкес тегін тамақ ұйымдастырылып, 701 баланың құжаттары қағаз жүзінде қабылданды. 159-ерекшелік бойынша 836 бала, 163-ерекшелік бойынша 474 бала ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

«Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» туралы «Жалпыға бірдей оқу» қорынан әлеуметтік аз қамтылған білім алушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында 2023-2024 оқу жылы бойынша мектеп жанындағы тынығу лагеріне 100 оқушының ата-анасының электронды өтініші бойынша және әлеуметтік статусына сәйкес құжаттар жинақталып, жолдама берілді. Сонымен қатар сыртқы лагерьге 99 баланың ата-анасының электронды өтініші бойынша және әлеуметтік статусына сәйкес құжаттар жинақталып, жолдама берілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына, «Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №68 бұйрығы бойынша 2024-2025 оқу жылында мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электронды үкімет порталының өтініміне сәйкес жеке тұлғалардан 2 өтініш түскен, жалпы орта білім туралы аттестаттың 2 телнұсқасын беруде оң шешім қабылданды. Телнұсқа беру журналынан қараймын.

«Негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдар арасында балалар ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына сәйкес жауапты орындаушылар көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсетудің, стандарттар және регламенттермен бекітілген мемлекеттік қызмет көрсетулердің нақты процестеріне сәйкестігіне; көзделмеген құжаттарды талап етудің болуына; қызмет көрсету мерзімдерін бұзу; мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту; құжаттарды қарастыру кезеңдерінің көптігі және қайталануы; мемлекеттік көрсетілетін қызмет (жасырын қызметтер) белгілері бар қызметтерді көрсетуі бойынша талдау жасады. Жасалған талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік қызмет көрсету саласында бұзушылықтар анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша ақпараттық тақта мен өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы ұйымдастырылған.

РҰҚСАТ БЕРУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Әкімшілік рәсімдер туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы №107 заңына сәйкес зерделеу жүргізілді. Директордың атынан берілген цифрлық қолтаңбаларды пайдалану заң аясында жүргізілген. Рұқсат беру функцияларын іске асыру бойынша заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

БАҚЫЛАУ-ТЕКСЕРУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Әкімшілік дереккөздерге бармай және барумен профилактикалық бақылау нысанында мемлекеттік бақылауды жүргізу тәртібіне, тексеру іс-шаралары кезінде жауапты тұлғалардың өз міндеттерін орындауын бақылауға, әкімшілік дереккөздерге барумен профилактикалық бақылау нәтижелерін ресімдеуге, ұйғарымның орындалуын бақылауға талдау жасалды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

БЮДЖЕТ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҚАРАЖАТЫН ИГЕРУ ЖӘНЕ БӨЛУ

№261 мектепте бойынша 2024 жылға 1, 360 644,0 теңге қаралған.

Оның ішінде:

Республикалық бюджеттен – 236254,0 теңге,

Жергілікті бюджеттен – 1 124 390,0 теңге.

Ай сайын қызметкерлер еңбек ақысы, салықтар, т.б. қызметтер 5-15 нысаны бойынша талдау жасалып жүргізілді.

ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРМЕН ШАРТТАР ЖАСАСУ

2025 жылдың қорытындысымен мектепке келіп түскен арыз шағым болған жоқ.

Сонымен қатар, әр аптаның сәрсенбі және жұма күндері қала бойынша С. Лапин атындағы №261 орта мектебінде директорының жеке қабылдау тұрақты өткізіліп тұрады. Бірақ директормен бекітілген кестеден басқа аптаның кез-келген күнімен жеке қабылдаулар жүргізіліп келеді.

Қабылдауға келген әрбір тұрғынның мәселесі жеке қаралып, жедел шешімін табуға жұмыстар жасалуда.

Ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» 2020 жылғы 29 маусымдағы Кодексінің 89-бабының 2-тармағы бойынша, хабарға, ұсынысқа, үн қосуға, сұрау салуға жауаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, мемлекеттік тілде немесе өтініш берілген тілде мазмұны бойынша негізделген және уәжделген болуға, оның қабылданған шешімге шағым беру құқықтары түсіндіріле отырып, арыз иесінің дәлелдерін жоққа шығаратын немесе растайтын нақты фактілерді қамтуға тиіс.

Сонымен қатар «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне келіп түскен өтініштер саны – 12. Бұл өтініштер бойынша арыз иесімен сөйлесіп, тыңдау хаттамалары жасалынып, өтініштер электрондық жүйе арқылы жауап берілді.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қатысты мәселелер тұрақты қаралап, оларға қатысты шағымдардың болмағаны зерделеніп, бұл сала бойынша заңдылықтың бұзылу фактілері орын алған жоқ.

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ӨЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

Bilim.klass, E-өтініш, ҰБДҚ, ES.IAC т.б ақпараттық жүйелермен жұмыс жүргізетін қызметкерлер күнделікті тексеріп, жұмыс жүргізіп отырады.

Bilim.klass электронды журналында күнтізбелік жоспарлар толық салынып, күнделікті сабақтар толтырылып, күнделікті баға қоры қойылады.

Мектеп ғимараты бойынша 64 бейнекамера орнатылған. Оның 42-сі ғимарат ішінде, сыртқы аулаға – 22 бейнекамера орнатылған. Бейнекамералардың 32-сі жедел басқару орталығына қосылған. Мемлекеттік сатып алу қызметі бойынша жыл сайын тиісті мекемелермен келісім-шарт жасалынып, жұмыс атқарылуда.

ТАЛДАУ ОБЪЕКТІСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ- БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕН ТУЫНДАЙТЫН ӨЗГЕ ДЕ МӘСЕЛЕЛЕР

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша зерделеу жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелді) сәйкес педагогикалық әдеп ережелерін педагогтердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сақталған.

2025 жылдың қорытындысы бойынша заңды және жеке тұлғалардан өтініштер түспеген. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қызылорда облысы бойынша басқармасымен айына бір рет келіп түскен өтініштерге сәйкес салыстыру актісі бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында мектепшілік бұйрық шығарылып, іс-шара жоспары жасалып бекітілді.

2021 жылғы 27 тамыз күні педагог қызметкерлер арасында Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының» IV-тарауын орындау мақсатында ұжым мүшелерімен жиналыс өткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

С. Лапин атындағы атындағы №261 орта мектебінің 2024 жылдың наурыз айы бойынша «Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында атқарылған жұмыстар мәліметі

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңның «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсанындағы №986 Жарлығын орындау және білім беру ұйымдарына сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету, әкімшілік кедергілерді жою, сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзбеушілікті

қалыптастыры бұйрығына сәйкес 2025 жылдың 02 қыркүйегінде №188 бұйрығы шығарылды.

Барлық білім беру ұйымдарында ата-аналардан, оқушылардан ақша жинау фактілерін болдырмау жұмыстары күшейтілді. Мектеп ғимаратын, сыныптар мен дәліздерді, мектеп жиһаздарын жөндеуге оқушылардың ата-аналарынан немесе заңды өкілдерінен демеушілік және қайырымдылық көмек ретінде қаражатты мәжбүрлеп жинауға тыйым салынды. Бұйрық барлық педагогтар мен мектеп қызметкерлері, оқушылар және олардың ата-аналары немесе заңды өкілдеріне таныстырылды.

"Сыбайлас жемқорлық қоғам дамуының кедергісі"

«Асыл Мұра-Орда» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен сурет байқауы өткізілетінін хабарлаймыз!

Сайыстың ережесі, мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылыққа, қылмысқа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру бағыты бойынша

(7-16 жас) аралығындағы оқушыларды сурет байқауына қатысуға шақырамыз!

<https://www.facebook.com/share/p/17vc1Hdm51/>

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында мектебіміздегі «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы мүшелерінің қатысуымен "Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз" тақырыбында флешмоб өткізілді. Мақсаты: Сыбайлас жемқорлық деген ұғымды түсіндіріп, оның қалай болу жағдайларын түсіндіру. Оған қарсы елімізде заң бар екенін түсіндіріп, заң бойынша қудаланатынын ұғындыру.

«Адал ұрпақ» ерікті клубын құру туралы бұйрық шығарылып, іс-шаралар жоспарының 13 қадамының 9 тармағын орындау мақсатында рухани-адамгершілік және азаматтық патриоттық тәрбиелеу контекстінде «Сыбайлас жемқорлық қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Адал ұрпақ» ерікті клубы құрамы жасақталады. тәрбие жұмыстарының жылдық жоспары бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік деңгейін айқындау бойынша әлеуметтанушылық зерттеулерді жүргізу барысында мектеп ұстаздары мен жоғары сынып оқушыларымен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» тақырыбында 8-9 сынып оқушылары арасындағы сурет байқауы өткізілді.

тәрбие жұмыстарының жылдық жоспары бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік деңгейін айқындау бойынша әлеуметтанушылық зерттеулерді жүргізу барысында мектеп ұстаздары мен жоғары сынып оқушыларымен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» тақырыбында 8-9 сынып оқушылары арасындағы сурет байқауы өткізілді.

Оқушылардан, педагог қызметкерлерден және ата-аналардан ақша қаражатын жинауға, бағалы сыйлықтар беруге жол бермеу жағдайлары бойынша жүйелі түрде жұмыстар жүргізіліп отырады.

2023-2024 оқу жылы бойынша 9-сыныптар бойынша 199 оқушы мектеп бітіріп, оның 96-сы колледжге оқуға түсті. Грантқа 90 оқушы, ақылы негізде 6 оқушы, оның 92 оқушысы мектепте оқуын жалғастырды.

2023-2024 оқу жылы бойынша 11-сыныптарда 73 оқушы мектеп бітірді. Оның 61 оқушысы ЖОО-на түсті. 10 оқушы грант негізінде колледжге түсті. Мемлекеттік грантқа—42 оқушы. Мектеп түлектері 100% орналасты.

Қорғаншылық, қамқоршылықтағы, жетім және патронаттық тәрбиедегі кәмелетке толмаған балалардың деректер базасы арқылы олардың іс-құжаттарымен салыстырмалы жұмыстары жүргізілді.

2024-2025 оқу жылы бойынша 1 патронат оқушы білім алады. «Мектепке жол» акциясы аясында демеушілер тарапынан мектепке қажетті құрал-жабдықтармен, формамен және ыстық тамақпен қамтылды.

Әлеуметтік санаттар бойынша ата-аналардың өтінішіне және әлеуметтік статусына сәйкес құжаттар жинақталып, ыстық тамақ заң аясында берілуде. Жеке кәсіпкер «Оңдасын и К» орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету туралы келісім шарт жасалынды. 1317 оқушы ыстық тамақпен қамтылды.

Мектеп жасындағы кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында бұйрық шығарылған. Оқушылар арасында құқық бұзушылық пен топтық төбелестің алдын алу және болдырмау бойынша іс-шаралар жоспары әзірленген. Жоспарға сәйкес құзырлы органдармен кездесу, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, тұрақты рейдтік шаралар өткізілген.

Оқушылар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында мектепшілік кеңес құрылған.

1. Г.Шарапатов - мектеп директоры.

2. Б.Әбілқасым - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

3. А.Жусупова - мектеп психологы.

4. Д.Беріктік - полиция лейтенанты.

5. А.Мықтыбаев - құқық және дінтану пәнінің мұғалімі.

Мектепшілік бақылауға алынған оқушылармен жұмыстар ұйымдастырылып және кеңестің іс-шара жоспары жасалып, бекітілген. Мектеп бойынша мектепшілік бақылауға алынған оқушылардың тізімін алу, нақтылау, оларды зерттеу және теріс қылықтарынан арылуға ықпал ету мақсатында мектеп психологтары А. Жусупова мен Ж. Шалаева жоспарға сәйкес жұмыс жасауда. Сынып жетекшілер сыныбындағы мектепшілік бақылауға алынған оқушыларға зерттеу жұмысын жүргізуде. Мектепшілік бақылауға алынған оқушылардың қызығушылықтарына байланысты үйірмелер мен секцияларға, қоғамдық жұмыстарға тартылған. Мектепшілік бақылауға алынған оқушылардың ата-аналарымен профилактикалық

жұмыстар жүргізуде. Мектепшілік бақылауға алынған оқушыларға мектеп педагогтарынан қоғамдық негізінде тәрбиешілер тағайындалған.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құрылған кеңесте төмендегі оқушылардың тәртібі бірнеше рет қаралды.

- 1) Болат Мадина 9 «В» сынып оқушысы
- 2) Көпжасар Аякөз 7 «З» сынып оқушысы
- 3) Алтынбекқызы Мунира 8 «Ж» сынып оқушысы

Оқушылар мектепшілік барлық шараларға қатыстырылды.

Құқық бұзушылық бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бүгін 5-11 сынып оқушыларына “Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықты алдын алу” мақсатында Қызылорда облысының білім басқармасының “Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығы” директоры Досаев Фархат Лиясұлы, Қызылорда облысы Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасының ювеналды полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры Абдразақова Раушан Есенжолқызы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Түсіндірме жұмыстарын жүргізу барысында кәмелетке толмағандар арасында орын алатын бұзақылық, буллинг, интернет қауіпсіздігі мен кибербуллинг, лудомания, нашақорлық, жол көлік оқиғалары, скутер, мотоцикл және қарсы жасалатын қол сұғылмаушылық қылмыстар жайлы айтылып, оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді.

<https://www.facebook.com/share/41qXcMcK7bEikGN7/?mibextid=WC7FNe>

ТӘРТІП - ТӘРБИЕ БАСТАУЫ, ТӘРТІПСІЗДІК ӨМІРІНІҢ ҚАС ЖАУЫ

Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Осы орайда С.Лапин атындағы №261 орта мектебінде жасөспірімдер арасындағы тәртіпсіздік пен құқық бұзушылықтың алдын алу, болдырмау және ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің баптарымен таныстыру мақсатында 8-11 сынып оқушыларымен (ер балалар) жиналыс өткізілді.

Жиналысқа ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ майор Жалғасбаев Өмірзақ, ҚПБ Ақсай ПБ ЖКБ бастығы А.Байменов полиция капитаны, ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ капитаны Д.Жаңабай ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ-нің полиция аға лейтенанты Р.Енсебаев қатысуымен түсіндіру, профилактикалық жұмыстарын жүргізді.

Жиналыс барысында сала қызметкерлері оқушыларға ҚР ӘҚБтК-нің 127, 132, 442-2, 437, 442-1 баптарын, түсіндіріп, кеңінен тоқталды.

Сондай-ақ сала мамандары Қызылорда қаласының төңірегінде болып жатқан жасөспірімдер арасындағы криминогендік ахуалға тоқталып өтті.

Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта (сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін) заңды өкілдерінің бірге жүруінсіз ойын-сауық мекемелерінде болуына жол берілген жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы 132 бап, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын – сауық мекемелерінде болуына жол

берілген жағдайда ата – анасына немесе заңды өкіліне шара көрілетіндігі туралы арнайы баптармен оқушыларға таныстырылды.

Алдағы уақытта да қылмыстық әрекеттерге бой алдырмау мақсатында үнемі жасөспірім оқушылармен тығыз қарым-қатынаста болып, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырылады.

<https://www.facebook.com/share/5YjfNa7BAXPEzqi4/?mibextid=WC7FNe>

С.Лапин атындағы №261 орта мектебінде «Құқық бұзушылықтың алдын алу және қауіпсіздік сақтау» кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық және қылмыс, нашақорлықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі мен суицид, зорлық-зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу тақырыбында 8-11-сынып оқушыларына дәріс өткізілді.

Жиналыс барысында ҚПБ ЖПҚ ЮПБ-нің аға инспекторы, Төребек Ақмарал профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 434/2-1, 437, 440-2, 442, 442-1, 448, 449 баптарына кеңінен тоқталды.

Облыстық жастар денсаулық орталығының маманы Джумадильдаева Раушан зорлық-зомбылықтың алдын-алу, қоғам үшін ең бастысы-адамның қауіпсіздігі мен зорлық-зомбылықсыз өмір сүруі екендігін түсіндірді. Мектепте, мектептен тыс уақытта болсын оқушылар арасында физикалық және психикалық тұрғыдан қысым жасалмауын, егер қандай да бір зорлық-зомбылық фактілері анықталса, ол үшін жауапкершіліктің бар екендігін естен шығармау қажеттігін ұғындырды.

Сонымен қатар директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Омарова сөз алып, алдағы уақытта кәмелетке толмаған оқушылар арасында қылмыстық әрекеттерге бой алдырмау мақсатында сала мамандарымен үздіксіз байланыста болатындығын және мамандарға түсіндірме жұмыстары үшін арнайы алғысын білдірді.

<https://www.facebook.com/share/4sUus5pLQP6b6kl1/?mibextid=WC7FNe>

«Кибербулинг – телефонға тәуелділік»

Мектеп психологтары 6-8 сынып оқушыларына «Кибербулинг – телефонға тәуелділік» тақырыбында психологиялық кеңестермен түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Кибербуллинг – әлеуметтік желіні қолдану арқылы WhatsAap, Instagram, facebook арқылы қасақана қорлау және қудалау. Оқушыларға таныс емес адамдармен әлеуметтік желі арқылы сөйлеспеуге, өзіне қатысты /мекен жайы, суреттері, т.б./ ақпараттарды бермеуге, видеороликтер мен кеңестер ұсынылды.

Егер сен кибербуллинге тап болсаң, не істеу керек?

Кибербуллинге тап болған жағдайда сен қорқып, абыржып қалуың мүмкін.

Ондай кезде мынадай әрекеттер жаса:

әлеуметтік желіде сол адамды бұғатта

бұл жағдайда сені қолдап, не істеу керектігі жөнінде ақыл-кеңес бере алатын ересектерге – ата-анаңа, қамқоршыңа, мұғалімге, мектеп психологтарына айт

біраз уақытқа интернеттен шығып, өзіңе ұнайтын нәрселермен айналыс (велосипед теп, қыдыр, киноға бар)

Егер басқа біреу кибербуллингке ұшыраса не істеу керек?

Біреуді онлайн қорлаған жағдайға куә болсаң, бұны тоқтатуға көмектес. Ондайда жасауға болатын әрекеттер:

осы ренішті суреттерді, фотосуреттерді, хабарламаларды, посттарды біреуге жіберіп, ары қарай таратпа

қорлауды қолдама және оған қатыспа

ол топтан/чаттан шығып кет

✓ сол адамға жәбірлеушіні бұғаттауда көмектес және әкімшіге постқа шағымдан

✓ сол адамға қолдау көрсет: жылы сөз айтып, көмегінді ұсын

✓ өзіңе қауіпті болмаса, жәбірлеушіге қорлауын тоқтатуын айт.т.б толық мәліметтермен ақпараттандырылып,өздерінде аталған жағдайға тап болған уақытта қалай әрекет жасайтындықтары туралы ойларын айтты.

<https://www.facebook.com/share/p/19uBtcKXV5/>

Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.

Осы орайда С.Лапин атындағы №261 орта мектебінде 11 желтоқсан күні жасөспірімдер арасындағы тәртіпсіздік пен құқық бұзушылықтың алдын алу, болдырмау және ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің баптарымен таныстыру мақсатында 8-10-сынып оқушыларымен “Заң және тәртіп” қағидатына сәйкес “Тәртіпті өзіңнен баста!” акция аясында жиналыс өткізілді.

Жиналысқа Қалалық прокуратурадан бөлім прокуроры Абдулғазиз Сәкен Адайбекұлы, ҚІБ ЖПҚБ ЮІБ учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Енсебаев Руслан, “Сеніммен Болашақ” Республикалық қоғамдық бірлестігі Қызылорда облыстық филиалының басшысы Қаратайұлы Шәкізат, Ардагерлер төрағасы Тулегенов Болатбек, Ардагерлер төраға орынбасары Ахметияұлы Асылбектің қатысуымен түсіндіру, профилактикалық жұмыстарын жүргізді.

Жиналыс барысында сала қызметкерлері оқушыларға ҚР ӘҚБтК-нің 127, 132, 442-2, 437, 442-1 баптарын, түсіндіріп, кеңінен тоқталды.

Сондай-ақ сала мамандары Қызылорда қаласының төңірегінде болып жатқан жасөспірімдер арасындағы криминогендік ахуалға тоқталып өтті.

Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта (сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін) заңды өкілдерінің бірге жүруінсіз ойын-сауық мекемелерінде болуына жол берілген жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы 132 бап, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын – сауық мекемелерінде болуына жол берілген жағдайда ата – анасына немесе заңды өкіліне шара көрілетіндігі туралы арнайы баптармен оқушыларға таныстырылды.

Алдағы уақытта да қылмыстық әрекеттерге бой алдырмау мақсатында үнемі жасөспірім оқушылармен тығыз қарым-қатынаста болып, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырылады.

ИНТЕРНЕТ- АЛАЯҚТЫҚТАН САҚТАН

Интернет- алаяқтық қылмыстарын алдын алу мақсатында 10- сынып оқушыларына түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Түсіндірме жұмыстарын жүргізу барысында ҚІБ ЖІҚБ ЮПБ УПИ-ры полиция сержанты Е. Маханбетқали: Қазіргі уақытта интернет-алаяқтарының адамдарды алдау үшін ең көп қолданатын айла тәсілдерін айтамыз. Құқық қорғау органдары және байланыс операторлары ватсап немесе басқа да әлеуметтік желілер арқылы хабарласпайды, барлық осындай жағдайларда сөйлесуді дереу тоқтатып нөмірлерді блоктаңыз және 102 арнасына хабарласыңыз.

Алдағы уақытта интернет-алаяқтарының құрбаны болмас үшін келесідей қауіпсіздік шараларын сақтау керек:

- ❖Паспорттық және өзге де дербес деректермен бөліспеңіз, банк карталарының нөмірлерін, пин-кодты, сондай-ақ ұялы телефонға келіп түскен СМС кодтарды, тіпті егер Сізге Банк қызметкерлері ретінде таныстырған адам болса да бермеу қажет;

- ❖Ұялы телефон мен компьютерлерге AnyDesk, TeamViewer, AirDroid, НopToDesk қосымшаларды орнатпау керек, себебі бұл қосымшалар сіздің жеке бас ақпараттарыңызды бөгде адамдардың алыстан басқарып, қолдануына жағдай жасайды;

- ❖Әлеуметтік желілердегі өз профиліңіздің дербестігін баптауларда байланыс деректерін (қызметтік және жеке телефон нөмірі) көпшілікке қолжетімді етпеген дұрыс;

- ❖Тауарларды сатып алу (сату) кезінде алдын-ала төлеуге келіспеу;

- ❖Белгісіз адамдарға ақша аудармау;

- ❖Өз құжаттарыңызға қол жеткізуді шектеу (жеке куәлік, банк картасы), құжаттардың фотосуреттерін ешкімге жолдамау.

Жеке деректеріңіз бен қолма қол ақшаңыздың сақталуы өз қолдарыңызда екендігін ұмытпаңыз және де алаяқтардың психологиялық қысымына берілмеңіз кез келген күдікті жағдайда ата-анаға айтып ескертіңіздер.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Әбілқасым: Интернет-алысты жақындатып, өмірімізді жеңілдетіп отырған құрал. Дегенмен, оның да кемшін тұстары жоқ емес. Қазіргі таңда интернет кеңістігі, сонымен қатар әлеуметтік желілер қылмыскерлердің заңсыз іс-әрекеттерін жүзеге асыру құралына айналып отыр. Сондықтан да, киберқылмыстың объектісі болмас үшін, полиция қызметкері атап өткен қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет.

Жастардың басым көпшілігі «ТикТок», «Телеграмм», «Инстаграмм» әлеуметтік желілерін қолданатындығы баршаға мәлім. Виртуалды достарыңызға, таныстарыңызға өздеріңіздің және жақын туысқандарыңыздың жеке деректерін, фотосуреттерін, аккаунттардың парольдерін ұсынбауларыңызды сұраймын.

<https://www.facebook.com/share/p/15thddb4M/?mibextid=wwXIfr>

Қорытынды.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде атқарып келген қызметтерде С. Лапин атындағы №261 орта мектебінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деп қорытынды жасалынады.

Мектеп директоры



[Signature] Г.Шараптов